

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ
Л.Н.ГУМИЛЕВА**

L.N.GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Журналистика және саясаттану факультеті

Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасы

**«ҚАЗАҚ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ: КЕШЕ, БҮГІН,
ЕРТЕҢ»**

халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

2018 жылғы 14 желтоқсан

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической конференции

**«КАЗАХСКАЯ СПОРТИВНАЯ ЖУРНАЛИСТИКА: ВЧЕРА,
СЕГОДНЯ, ЗАВТРА»**

14 декабря 2018 года

MATERIALS

of International scientific and practical conference

**KAZAKH SPORT JOURNALISM: YESTERDAY, TODAY AND
TOMORROW**

Астана 2019

ӘОЖ 070 (063)

КБЖ 76.01

Қ 17

Жауапты редактор: PhD доцент И.С.Рыстина

Құрастырушылар: Аға оқытушы Д.Дүйсебай, , оқытушы

А.Қалдыбекова, оқытушы Ш.Шәкенова

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 2018 жылғы 14 желтоқсан /құраст.: Д.Дүйсебай, А.Қалдыбекова, Ш.Шәкенова – Астана: Л.Н.Гумилев атын. ЕҰУ, 2019. - 187 б.

Жинаққа «Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары - Қазақ спорт журналистикасының даму кезеңдері, интернеттегі спорт тақырыбы, спорттағы PR, қоғаммен байланыстың өзекті мәселелері туралы мақалалар енгізілді. Ғылыми жинақта жарық көрген материалдар БАҚ қызметкерлері мен ғалым-зерттеушілерге, PR-мамандарына, журналистерге, оқытушылар мен студенттерге, сондай-ақ көпшілік оқырманға арналған.

ӘОЖ 070 (063)

КБЖ 76.01

© Л.Н.Гумилев атын. ЕҰУ, 2019

ISBN978-601-337-114-6

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

Мазмұны

ДҮЙСЕБАЙ Дүрәлі ҚАЗАҚ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ТҮБІ ӘРІДЕ ЖАТЫР	4
РЫСБЕК Қыдырбек ҚАЗІРГІ ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ СӨЗ САПТАУЫ ЖӘНЕ ІЗДЕНІСІ ТУРАЛЫ.....	9
АХМЕТОВ Марат СПОРТ САЛАСЫН НАСИХАТТАУҒА МЕМЛЕКЕТТІК КӨЗҚАРАС.....	12
САСАЕВ Нұрғазы ИНТЕРНЕТТЕГІ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	14
ҚАЙРАТҰЛЫ Б. ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІНІҢ ТАРИХИ-РУХАНИ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚҰНДЫЛЫҒЫ	16
ТАЙЖАН Бақтияр СПОРТТАҒЫ КӘСІПҚОЙЛЫҚ ЖУРНАЛИСТКЕ ДЕ КЕРЕК	27
ПЯТИБРАТОВ Анатолий В РАНГЕ МЕЖДУНАРОДНОГО СТАТУСА.....	30
ЫСҚАҚ Динара ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНДАҒЫ PR.....	34
ҚАЛДЫБЕКОВА Айдана Жарқынбекқызы СПОРТИВНАЯ ЖУРНАЛИСТИКА В СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЯХ	39
ЗУРАШЕВ Мереке «SPORT» («ҚАЗАҚ СПОРТЫ») ГАЗЕТІНДЕГІ ЖАНРЛЫҚ БОЛМЫС	44
СҰЛТАНБЕК Назерке ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ" ЖОБАСЫНЫҢ СПОРТ ТАҚЫРЫБЫН НАСИХАТТАУҒА ЖӘНЕ ЕЛ ИМИДЖІН ШЕТЕЛДЕ ТАНЫТУҒА ЫҚПАЛЫ	49
ИМАНҒАЛИЕВ Бауыржан Сәбитұлы, ҚОЖАХМЕТОВА Айдана Маратқызы АДАМНЫҢ ТҰЛҒА БОЛЫП ҚАЛЫПТАСУЫНА ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ӘСЕРІ	53
МҰРАТ Айгерим СПОРТИВНЫЙ ИМИДЖ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НА МЕЖДУНАРОДНОЙ АРЕНЕ	56
СЫБАНБАЙ Сәкен ҰСТАЗ БЕН ШӘКІРТ ӨНЕГЕСІ.....	59

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

СЫБАНБАЙ Сәкен МИКРОФОН АЛДЫНДАҒЫ ОЙЫНШЫ.....	65
ҚОЖАХМЕТОВА Айдана Маратовна СПОРТТЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНА ӘСЕРІ.....	67
БОЛАТОВА Гүлжауһар Жамбылқызы, АМАНЖОЛОВ Бекарыстан Нұрланұлы ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЭТОНОСАЯСАТ ЖӘНЕ БАҚ: ТАРИХЫ, ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІ.....	70
ТҰРЖАН Оңайгүл, ЕГЕМБЕРДИЕВ Исках ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ АҚПАРАТТЫҢ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫ МАРКЕТИНГТІҢ ТУРИЗМДІ ДАМУЫҒА ЫҚПАЛЫ.....	75
ИМАНГАЛИЕВ Бауыржан, ТОКЕНОВА Диана ПСИХОЛОГИЯ БРЕНДИНГА И ЕГО ВЛИЯНИЕ НА ПОТРЕБИТЕЛЯ.....	82
МУХАМБЕТОВА В. К. ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ЗАДАЧИ ДОКУМЕНТАЛЬНОЙ ЖУРНАЛИСТИКИ.....	86
ШӘКЕНОВА Шынар ДАҒДАРЫС ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚҰЗЫРЛЫ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ КРИЗИСТІК КОММУНИКАЦИЯСЫ.....	89
ЖІГЕРҚЫЗЫ Нұршырақ, АЛГАЛИЕВА Гүлназым Сакенқызы ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ДАМУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫ.....	92
КУДАЙБЕРГЕНОВА А.С. ТИПОЛОГИЯ АНАЛИЗ PR-ТЕКСТОВ В КАЗАХСТАНСКИХ ОНЛАЙН-СМИ: НАТИВНАЯ РЕКЛАМА.....	97
ДИДИГОВА Мадина Магомедовна ПРОБЛЕМЫ ПРАВОВОЙ ЗАЩИТЫ ЖУРНАЛИСТОВ И ЗАЩИТА ИНФОРМАЦИОННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ (СОПОСТАВИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ).....	102
АЛЬКЕЕВА А.К РОЛЬ ИНТЕРНЕТ-ТЕХНОЛОГИЙ В ПРОДВИЖЕНИИ НЕКОММЕРЧЕСКИХ ОРГАНИЗАЦИЙ.....	104
ДАНИЛОВ Александр Сергеевич ПРОЦЕСС ПЕРЕФОРМАТИРОВАНИЯ ГОСУДАРСТВЕННЫХ КОММУНИКАЦИЙ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	108
АЯГАНОВА Асель Агыбаевна РАЗВИТИЕ ПОЛИТИЧЕСКИХ СВЯЗЕЙ С ОБЩЕСТВЕННОСТЬЮ В КАЗАХСТАНЕ ПОСРЕДСТВОМ СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЕЙ.....	112
ИМАНГАЛИЕВА Маржан Әбдірәсілқызы КОМПАНИЯДАҒЫ ҚАРЖЫ МЕНЕДЖМЕНТІН ЖЕТІЛДІРУ АСПЕКТІЛЕРІ.....	116

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

МОЛДАБАЕВ Хасен Советханұлы МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕДЕГІ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ	121
ЖІГЕРҚЫЗЫ Нұршырак БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ	129
ҚАЖДАР Іңкәр Асқарқызы ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК МЕДИА-КОНТЕНТТЕРДІ САЛЫСТЫРУ	132
АЙТҚАЗЫ ҚЫЗЫ-ТУРЛЫХАНОВА М. БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ PR-ДЫҢ ОРНЫ	137
ЕРТАЙ Сағыныш Нұртайқызы ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ЖАҢА МЕДИАЛАР	142
БАБАЖАНОВА Дина Маратовна «МЯГКАЯ СИЛА» КАК ФАКТОР ФОРМИРОВАНИЯ СТРАНОВОГО ИМИДЖА КАЗАХСТАНА.....	145
КЕНЖЕБАЕВА Назым Қайратқызы АҚПАРАТ ТАРАТУДЫҢ МЕДИА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ.....	149
ИМАНГАЛИЕВ Бауыржан, МЕДЕТТЕГИ Асель PR В НЕФТЕГАЗОВОЙ ОТРАСЛИ.....	154
ШАКАРМАН Дана Қазбекқызы ҚОҒАМДЫ ЦИФРЛЫҚ ТҮРЛЕНДІРУ — ЗАМАН ТАЛАБЫ.....	158
АҚЫНОВА Аружан Алибиқызы НЕЙРОМАРКЕТИНГ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА ДАМУЫ	162
МҰРАТ Самал КОМПАНИЯ СТРАТЕГИЯСЫН ТАҢДАУ ЖОЛДАРЫ	167
НУРТУГАН Сәтжол ҰЙЫМДАРДЫҢ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ	169
ЕРТАЙ Сағыныш Нұртайқызы «СӨЗ ҚҰРАҒАН» ҚАЗАҚТЫҢ МАТЕМАТИГІ	172
МЕКЕБАЕВА Мадина Булатовна КАК DIGITAL-МАРКЕТИНГ И PR ВЛИЯЮТ НА РАЗВИТИЕ FASHION-БИЗНЕСА?	176
КАЙКЕНОВА Мархаба PR КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ	180
АДАЙХАНОВА Ұлмекен МАНИПУЛЯЦИЯҒА ҚАНШАЛЫҚТЫ ЖИІ ҰШЫРАЙСЫЗ?.....	182

ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ" ЖОБАСЫНЫҢ СПОРТ ТАҚЫРЫБЫН НАСИХАТТАУҒА ЖӘНЕ ЕЛ ИМИДЖІН ШЕТЕЛДЕ ТАНЫТУҒА ЫҚПАЛЫ

СҰЛТАНБЕК Назерке

*«Қазақстан Барысы» қазақ күресін дамыту қорының баспасөз хатшысы,
ЕҰУ журналистика және саясаттану факультеті, қоғаммен байланыс
мамандығы бойынша магистранты*

2011 жылы «Қазақстан Барысы» қазақ күресін дамыту қоры құрылды. Бұл ұйымның негізгі мақсаты – ұлттық күресті насихаттау, оны қолжетімді ету. Бүгінгі күнге дейін аталмыш қордың ұйымдастыруымен сегіз рет «Қазақстан Барысы» республикалық турнирі, бес рет «Еуразия Барысы» және үш рет «Әлем Барысы» халықаралық турнирлерін өткізілді. Бүгінгі баяндамада мен бұл жарыстарда тіркелген спорттық нәтижелерге емес, осы жобалардың қазақ күресінің Қазақстанда насихатталуына және Қазақстан имиджінің шетелде танылуына қандай ықпал тигізгені жайында айтамын.

«Қазақстан Барысы» бастау алғалы, жасөспірімдер үшін қазақ күресімен шұғылдану абырой саналатын болды. Өткен сегіз жылдың ішінде еліміздің аймақтарындағы қазақ күресімен шұғылданатын жастар саны жүз мыңнан асты. Барлығында бір арман – «Қазақстан Барысы» атану. Бұл аталмыш жобаның спорттың, салауатты өмір салтын насихаттаудағы айқын көрсеткіші, демек басты мақсатына қол жеткізіп келе жатқандығының дәлелі. «Қазақстан Барысы» жобасы балуандарды танымал етті, бүгінде «барыстар» нағыз қаһармандар, оларды әр шаңырақта таниды, құрмет тұтады. Бүгінгі тренд әлеуметтік желідегі танымалдық деңгейімен санайтын болсақ, «Барыстардың» жеке парақшаларында 150 мыңға дейін оқырманы бар. Олар бүгінгі күннің батыры, нағыз алып образында көпшілікке белгілі Ұлан Рысқұл, Бейбіт Ыстыбаев, Айбек Нұғымаров, Мұхит Тұрсынов, Еламан Ерғалиев және Ержан Шынкеев.

«Қазақстан Барысы» турнирі сегіз жыл қатарынан республикалық телеарналардың тікелей эфирінен көрсетіліп келе жатыр. Бұл алты сағат бойы үздіксіз тікелей эфирге шығатын бірегей спорттық жоба. 2011 жылы әлі ешкімге таныс емес жобаны үш бірдей республикалық арна өз эфиріне қоюға келісімін берді. Олар: КТК, Еуразия және Астана телеарналары. Алғашқы жылдың өзінде бұл телеарналарда көрсеткен рейтинг 0,85 пайызды құрады. КТК телеарнасы кейін бір аптаның ішінде бұл жарысты тағы үш рет қайталады. Оның өзінде де қаралым көрсеткіші төмендемеді. Алғашқы турнир өткен «Дәулет» спорт кешенінде негізі 2500 көрерменге арнаған орын болса, дәл сол 20 тамыз күні көрермендер саны үш мыңнан асып кетті. Ал, осы турнирдің жеңімпазы Ұлан Рысқұл бір-ақ сәтте

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

жұлдыз атанды десек, артық айтпағаным. Өйткені барлық республикалық БАҚ Ұланды сұхбатқа не басқа да жобаларына шақырып, ауыл-аймақ пен қаладағы мыңдаған балаға тұңғыш «Қазақстан Барысы» кумирға айналды. Ұланның өзі айтқандай, балуанның өмірі күрт өзгерген, көшеде танып, суретке түсуді сұраушылар көбейген, күнде түрлі шараларға шақыру алатын болған.

Алғашқы турнир сәтті өткендіктен, оған демеушілер де назар аудара бастады. Осылайша, тұрақты серіктестер пайда болды, турнирдің ауқымы кеңейіп 2012 жылы жаңа аренаға ауыстырылды. Бұл жолы «Сарыарқа» велотрегінің трибунасынан «Қазақстан Барысын» жеті мыңға жуық адам тамашалады. Ендігі кезекте тікелей эфир КТК және Қазспорт телеарналарында ұйымдастырылды.

2013 жыл қазақ күресі үшін ерекше жыл деп айтсақ болады. Өйткені дәл осы жылы ұлттық спортымыз алғаш рет шетелдік аудиторияға жол тартты. Қор басшылығы Ресейдің «Боец» телеарнасымен келісімге келіп, қазақ күресінің турнирлері көрсетілетін болды. Осылайша, «Қазақстан Барысы» жиырма елден аса аймақты қамтитын телеарнаның эфиріне шықты. Содан бері ресейлік арна «Барыс» атаулы барлық жарысты үздіксіз көрсетіп келеді. Халықаралық келісімге тағы бір себеп болды – жаңа, халықаралық турнир «Еуразия Барысы» додасының ұйымдастырылуы.

Сол жылдары «Боец» телеарнасының бас редакторы қызметін атқарған Сергей Завилейский алғашқы эфирден-ақ көрермендердің қызығушылығы жоғары болғандығын айтады. «Бұл жобаны тартымды ететін тек белдесулер ғана емес, ұлттық өнердің, театрландырылған көріністің және дыбыс пен жарықтың шоуудың болуы, оған қоса ұйымдастырушылық деңгейі өте жоғары. Осының барлығының қосындысы Барыстың жарыстары туралы оң пікірді қалыптастырады. Сондықтан да, қазақ күресінің бұл жобаларының Ресейде қазақ халқы туралы көп мағлұмат алуға, өнері мен мәдениетінен сусындауға тигізіп келе жатқан әсері өте көп. Бастапқыда біз жарысты толық көрсетпейміз деп ойладық, өйткені тым ұзақ. Бірақ жобаны өзіміз көрген соң және көрерменнің қызығушылығын байқаған соң алты жылдан бері тікелей эфирде, толығымен көрсетіп келеміз. Оған қоса жарыс тек тікелей эфирде көрсетіліп қана қоймай, бірнеше рет қайталанатын», деді Сергей Завилейский. Қазіргі уақытта «Қазақстан Барысы», «Еуразия Барысы» және «Әлем Барысы» қос ресейлік телеарналардан көрсетіледі «Матч! Боец» және «Бокс ТВ», енді қызығушылық танытып жатқан тағы бір арна бар, ол - «Точка отрыва».

«Қазақстан Барысы» - спорттық жарысты тек сайыспен ғана шектеп қоймай, шоу ретінде ұсынып, көрерменнің ықыласына бөленуге болатындығын дәлелдеген жоба. Спорт пен шоу элементтерін қоса отырып, теледидар алдындағы көрерменге де, трибунадағы жанкүйерге де тартымды дүние ұсынылып отыр. Дегенмен, соңғы жылдары «Қазақстан

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

Барысы» жобасына деген қызығушылық бұрынғыдан төмендеген, өйткені көп адамға бұл жаңа нәрсе емес. «Қазақстан Барысы» аудиториясы – қазақтілді және өте қазақи, намысшыл және ұлтжанды, барлық балуандардың аты жөні мен жетістіктерін жақсы білетін ер азаматтар.

2013 жылдың соңында «Қазақстан Барысын» өз эфиріне қосқан тағы бір арна – Түркияның «ТРТ Аваз» телеарнасы. Бұл көптеген телеарналардың біріктірген алып ТРТ холдингінің түркітілдес халықтарға арналған мәдени, тарихи арнасы. ТРТ аваз қазақ редакциясының меңгерушісі Меруерт Памбетованың айтуынша, түркі халықтарына ортақ тарих және мәдениет көрінісі болғандықтан, қазақ күресінің жарыстарын көрермен жақсы қабылдайды. «Әрине, бірден қызықтыру мүмкін емес, бірақ міне, осымен бес жыл болды, эфирдегі комментатор Гөкхан Гүнайдын күрес саласының маманы, сол үшін де көрерменге барлығын түсінікті етіп жеткізеді. Әдістердің барлығы қазақша аталады, тарихпен байланыстырып айтылады. Қазақ күресінің көрсетіліміне ерекше қызығушылық танытып жүрген моңғолдар мен Балқан мемлекеттерінің азаматтары», деді қандасымыз.

Халықаралық эфирге шығу оңайға соқпаған. Қазақ күресі туралы ешнәрсе естімеген ресейліктер мен түріктермен ұзақ келіссөз және әсерлі презентация нәтижесінде ғана оң жауапқа қол жеткізген. Бастапқыда бөліп көрсетіп, кейін қызығушылық артқанын байқаған соң, толық көрсеткен. Осы жобаның басында жүріп, дамуына атсалысқан Сәрсен Құранбек: «2011 жылы «Қазақстан Барысын» бастаған кезде біз де, халық та оған Тәуелсіздіктің жиырма жылдығына арналған бір реттік жоба ретінде ғана қарадық, сол себепті көптеген БАҚ өкілдерін шақырып, болашаққа жоспар құрмадық. Бірақ көпшіліктің көңілінен шыққаны соншалық, қолдау көрсетуге ниет білдіргендер аз болмады».

Қазақстан телеэфири жайында айтатын болсақ, жобаның бас ақпараттық серіктесі ретінде «Қазақстан» телекорпорациясы екі арнадан да жарысты тікелей эфирде көрсетеді. 2015-16 жылдары «Қазақстан Барысы» рейтингі өте жоғары кездер болған екен. Алты сағат бойы тапжылмай қарамаса да, ақтық белдесулерге қарай телекөрермендер саны елу пайызды құраған, демек бір сәтте 7-8 миллионға жуық адам тамашалады деген сөз. 2013 жылдан бері «Қазақстан Барысы» ең қаралымы көп спорттық трансляция атанғанын да айта кеткен жөн.

БАҚ жарияланымдарына келер болсақ, «Қазақстан Барысы» жобаларына кем дегенде елу журналист жұмыс істейді, нәтижесінде бірнеше тілде жүзге жуық материал жарық көреді. Өкінішке қарай, қазіргі уақытта статистика төмендеуде. Бұл ретте журналистердің жарыс өтіп жатқан аренаға келмей, тікелей эфирден тамашалап, баспасөз қызметінен дайын ақпаратты алып отыратынын өкінішпен айта кеткім келеді.

2016 жылы қазақ күресі ЮНЕСКОның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне кірді. Ұлттық спортымыз үшін бұл тарихи жағдайға қазақ күресінің «Қазақстан Барысы» жобасы арқылы кеңінен

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

насихатталуының ықпалы зор болды. Сондықтан, ұлттық құндылықтарымызды насихаттау арқылы, Қазақстанның әлемдегі имиджін қалыптастыруға әбден болады. Батыс заманауи нәрседен шаршаған, шетелдіктерге экзотика, тың дүние қажет. Демек, біз тарихи, мәдени көрініс пен бүгінгі күннің батырларының бейнесінің қосындысы арқылы әлемнің назарын өзімізге тіккізе аламыз.

АДАМНЫҢ ТҮЛҒА БОЛЫП ҚАЛЫПТАСУЫНА ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ӘСЕРІ

ИМАНҒАЛИЕВ Бауыржан Сәбитұлы

*Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, филология
ғылымдарының кандидаты*

КОЖАХМЕТОВА Айдана Маратқызы

Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистрі

Аннотация:

Жұмыстың басты мақсаты – спорттың адамның денсаулығына ғана емес, тұлға ретінде қалыптасуына да әсер етуі туралы баяндалған.

Түйінді сөздер:

Дене шынықтыру және спорт; моральдық-этикалық тәрбиелеу; ерік қалыптастыру; өзін-өзі жүзеге асыру процесі; өзін-өзі тану және өзін-өзі жетілдіру.

Дене тәрбиесі – тұлғаны жан-жақты үйлесімді қалыптастырып дамыту процесінде өз орны бар. Себебі, дене тәрбиесі тұлға денесінің қалыпты жетілуінің, денсаулығының нығаюын қамтамасыз етуде, оларды еңбекке баулуда аса маңызды қызметтер атқарады. Дене тәрбиесі – адамның денсаулығын нығайтып, оңтайлы, қимыл-әрекеттерін қалыптастыратын адамгершілік қасиеттері мен ерік-жігері жетілдіретін негізгі тәрбие бағыттарының бірі. Дене тәрбиесі төзімділік, шыдамдылық, батылдық, табандылық қасиеттерді шыңдайды.

Спорт әлемде көптеген адам өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады. Әрқайсысымыз мектепте дене шынықтыру сабақтарына қатыстық, бірақ бұл пәндердің қызығушылығын толықтай біле бермейміз.

Спортпен шұғылдану адамды тәрбиелеудің тиімді жолы болып табылады.

Дене шынықтырумен айналысқан адамның басты 3 ерекшелігі:

- өз өмір сүру салтына дұрыс баға береді;
- дене шынықтыру білімін жоғары деңгейге көтереді;
- өзін-өзі жетілдіру мақсатында тұрақты жаттығуларды қажет етіп тұрады.

Спорт адамның коммуникативтік қабілеттерін, қарым-қатынас, шығармашылыққа деген ынталандыруын дамытуға да көмектеседі.